

Қолданар алдында:

Дистилляторды ашып, барлық бөлшектерінің орнында және ақауы жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Қорапта мына заттар болуы керек:

1. Дистиллятор
2. Суға арналған ыдыс
3. Ыдыстың қақпағы + төгуге арналған қақпақ
4. Саптама
5. Қуаттау сымы
6. Ыдысты тазалауға арналған ұнтақ
7. Қолдану бойынша нұсқаулық

Орнату

1. Дистиллятордан суға арналған ыдысты шығарыңыз.
2. Дистилляторды жоғарғы белгісіне дейін суға толтырыңыз; одан артық құюға болмайды. (егер сіз қайнатылған суды қолданатын болсаңыз, дистилляциялау әдеттегіден аз уақытты алуы мүмкін)
3. Қақпақты дистилляторға орнатыңыз және оның тығыз жабылғанына көз жеткізіңіз. Сонымен қатар аппараттың тегіс тұрғанына да көз жеткізіңіз. Қуаттау сымын қосыңыз.
4. Суға арналған ыдысты 1 диаграммада көрсетілгендей етіп орнатыңыз. Қуаттау сымын тоқ көзіне қосыңыз.
5. «Reset button» («қалпына келтіру») батырмасын басыңыз. Жылыту автоматты түрде басталады, дистилляциялау процесі іске қосылады.
6. Су суға арналған ыдысқа шамамен 30 минуттан соң тама бастайды. 4 литр суды дистилляциялау үшін шамамен 4 сағат қажет болады. Цикл аяқталған кезде аппарат автоматты түрде сөніп қалады.

Маңызды: Жаңа циклды іске қосар алдында аппаратты суытып алыңыз. (Осылайша сіз күюдің алдын аласыз және дистилляторды қолдану мерзімін ұзарта аласыз)

7. Дистилляцияланған судың бірінші ыдысын қолдануға болмайды. Бірінші цикл «өзін-өзі тазарту» үшін қажет. Ішкі резервуарды сүртіңіз және суға арналған ыдысты шайып алыңыз. Енді дистиллятор қолдануға дайын.

Ескерту:

- Аппаратты құрғақ, жақсы желдетілетін жерде сақтаңыз.
- Аппарат корпусы құрғақ болуы керек – оған суды арнайы құмыраның көмегімен құйыңыз.
- «Reset button» (қалпына келтіру батырмасы) дистилляция циклын іске қосады және цикл аяқталған соң аппаратты автоматты түрде сөндіреді. Цикл барысында аппаратты тоқтату үшін «қосу/сөндіру» қосқышын қолданыңыз
- Қуаттау сымын қолданбайтын болсаңыз аппаратқа қосулы күйде қалдырмаңыз
- Аппараттың ешқандай бөлшектерін суға батырмаңыз
- Дистилляция циклы барысында қақпақты ашпаңыз. Аппарат суығанын күтіңіз.

Тазалау

Суға арналған ішкі резервуарды күнделікті таза сумен жуыңыз және құрғатып сүртіңіз.

Түбінде қақ және құм жиналуы мүмкін – оларды екі аптада бір рет тазартып тұру қажет.
Нұсқаулық:

1. Резервуарға қақты жабатындай етіп жеткілікті су құйыңыз
2. Қақ тұру деңгейіне байланысты резервуарға 1-4 шай қасық ұнтақ себіңіз
3. Қақпағын ашып, «Reset button» қалпына келтіру батырмасының көмегімен циклды іске қосыңыз
4. 30 минутты цикл жасаңыз, суды төгіңіз және резервуарды таза сумен жуыңыз
5. Егер қақ толығымен кетпесе процесті қайталаңыз
6. Саптамадағы сүзгіні әр үш айда ауыстырып тұрыңыз.